

Тақырыбы:

**Педагогикалық қолдау
технологиясына,
әдістері, құралдары**

**мен оның
нәтижелеріне
сипаттама**

Қабылдаған: Ашықбаева Г.
Орындаған: Сапарбек Ж.

ЖОСПАР

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- *Педагогикалық қолдау технологиясына, әдістері, құралдары мен оның нәтижелеріне сипаттама*

III. Қорытынды

IV. Жағдаяттар

Мақсаты:


- Шығармашыл, қабілетті кәсіби өсу жолындағы тұлғаны қалыптастыру.
- Сапалы оқытуды жетілдірудің үздіксіз болуын қамтамасыз ету.
- Педагогикалық- психологиялық қолдау көрсету арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу.

I. Кіріспе


Оқушының тұлға ретінде өзіне тән қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие жүйесінің маңызды бөлігі мұғалімнің—балаға—психологиялық—педагогикалық қолдау жасап, баланың маңызды проблемаларын шешуде көмек көрсетуі болып табылады.

Оқушыларды педагогикалық-психологиялық қолдау және жетелеу технологиясының негізі Ресей педагогтарымен жасалған. Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының мағынасы балаларға жеке проблемаларын шешуде, психологиялық денсаулығын сақтауда, табысты әлеуметтендіруде, тұлғаралық қарым-қатынаста жедел, тиімді көмек көрсетуге негізделген.


Баланы, оның жан дүниесін тану-тәрбиені жүйелі жүргізу болып табылады.



Педагогикалық
қолдау



*Өсуіне және
жетілуіне
жағдай жасау*



*Баланың өзіндік
танымдық және
өмірлік тәжірибе
алу мүмкіндігін беру*



*Өз ісінің субъектісі
болу мүмкіндігін
беру,
жеке танымдық
тәжірибесін дамыту*

II. Негізгі бөлім

Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының көкейтестілігі ретінде мыналарды атар едім:

- Баланың жеке қабілеттерін дамыту – өмір талабы; себебі күннен күнге алға қарыштап дамыған заман өзіне лайықты тұлға талап етеді.
- Өзіне-өзі сенімді, өзін-өзі бағалай алатын, тұрақты көзқарасы бар тұлға қалыптастыру – кез келген мұғалімнің маңызды проблемасы.
- Алдымызға келген бала қабілеттерін дер кезінде бағамдап, көмек көрсете білуімізден жеке тұлғаның дамуына бағытталған педагогикалық әсердің табыстылығы анықталады.

Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының жүзеге асырылуына келетін болсақ, ол негізінен, оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара әрекетінің кезеңдері арқылы анықталады:

- **диагностикалық кезең** – баланың қызығушылығын, мінез-құлқын, жеке басында болатын проблемаларын зерделеу кезеңі;
- **зерттеу кезеңі** – оқушымен бірлесе отырып, анықталған проблеманы шешу жолдары қарастырылып, зерттеледі;
- **келісім кезеңінде** кез келген формада бала мен мұғалім арасында келісушілік, ортақ пікір, келісім жобасы жасалады;
- **қызмет кезеңі** – оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетінің негізінде анықталған проблемаларды шешу, түзету, белсенді көмек көрсету, қолдау, яғни нағыз нәтижеге бағытталған жұмыс осы **қызмет кезеңінде** жүргізіледі;
- **рефлексивтік кезеңде** – баламен бірге қол жеткен табыстар мен сәтсіздіктер сараланады, өмірлік тәжірибеге қорытынды жасалады.

Педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясы бойынша қызмет ұйымдастырудың өзіндік әдістері мен ерекше тәсілдері бар:

- анықталған проблема бойынша жұпта немесе шағын топта *әңгімелесу, ойтолғау*;
- «*Сенің ойың*» - әр оқушының проблеманы өз көзқарасы, түсінігі бойынша талқылауы;
- «*Менің ойым*» - көзқарастың, түсініктің әралуандылығы, бұл жерде проблема бойынша мұғалімнің көзқарасының да маңызы өте зор;
- «*Белсенді тыңдау*» әдісі: анықталған проблема бойынша тиімді жұмысқа қатысу, мұғалімнің ақылын, түзетулерін тыңдау.

Әрине, тәсілдер мен әдістер қолдану негізінде балалар өз ойларын ашық айта алады, өмірге деген сенімділігі артады.

Оқушылардың белсенді іскерлігін қолдау, осындай әдістер мен тәсілдерді үнемі, әрі тиімді пайдалану негізінде педагогикалық-психологиялық қолдау технологиясының нәтижесін мынадай табыс формуласынан көруге болады. Олар:

- оқушыда өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік пайда болады;
- өзін-өзі дамытуда бала қоршаған ортаңың ерекшеліктеріне икемделеді, себебі, ол жалғыз емес, қоғамда өмір сүреді. Тұлға адамдар арасында түзелуге икемделеді;
- оқушы жеке шығармашылық қызметке қатысады;
- атқарылған жұмыс нәтижесінде тұлға өзін-өзі дамытады және жетілдіреді.

Үрдіс соңында жан-жақты дамыған, дені сау, шығармашыл, бәсекеге қабілетті, құзыретті, өзін бағалай алатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға қалыптасады деп сенемін.

Ол үшін мынадай талаптарды атап айтуға болады:————

Тәрбие үрдісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, шыдамдылығын қалыптастыра отырып, оқушының алдағы өмірінде, қоғамда табысты болуына көмектесетін қасиеттерін дамытып, қалыптастыру, әлеуметтендіру болып табылады. Бұл технология бойынша өзара іс-әрекеттің принциптері мен мақсаттары үш негіздің, яғни **ата-ана, бала, ұстаз** арасындағы ытымақтастықты қалыптастыруға бағытталады. Ең қымбат өмір – бала өмірі, бала өмір жалғасы болғандықтан, оның қоршаған ортаға бейімделуі, өмірден өз орнын таба алуы осы үш бірліктің бірлесіп атқарған қызметіне байланысты болады. **Ата-ана, бала, ұстаз** арасындағы тығыз ынтымақтастық, тиімді байланыс болғанда ғана біз өзімізге жүктелген қиын да абыройлы міндеттерді шеше аламыз.



Жан Жак Руссо



«Бала туғанда ақ қағаздай болып туады. Оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді».

III. Қорыта айтқанда, бала мұғалімдер мен ата – аналардың қолдауын сезгенде ғана, оқыту сатыларында сабақтастық шарттарын сақтау кезде ғана табысты болады. Ата – аналармен педагогтар тығыз қарым – қатынаста жұмыс істесе ғана оқыту мен тәрбиеде табыс кепілденеді. Бүгінгі таңда ең алдымен жеке тұлғаның оның қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның қасиеттерінің барлық байлығын дамытып, оны толық ашуға мүмкіндік жасау қажет.

Сындарлы оқыту теориясының негіздері еліміздің білім беру саласына тереңінен сіңсе, білімді де тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықты бойына сіңірген жастар өсіп шығары белгілі. Ал, жастар – еліміздің болашағы. Болашағымыз жарқын, еліміздің де іргетасы мығым болса, өмірімізде әрлі болары анық. Білімнің мазмұнымен қоса, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ақпараттық технологияны пайдалана отырып, мағынасына терең мән бере оқытуды көздейтін оқытудың кэмбридждік әдісінің бізге берері көп. Сол себепті еліміздің әрбір мұғалімі бұл оқыту әдісін меңгеруден бас тартпауы тиіс деп есептеймін.

Жағдаяттар

1-жағдаят

Оқушының оқудағы жетістіктеріне көңілі толмайды, өзінің икемділігінен күмәнданады, оқу материалын түсініп, игеріп алатындығына көзі жетпейді, ол мұғалімге: «Сіз қалай ойлайсыз, мен қашан да болсын сыныптастарымнан қалмай жақсы үлгеріп, оқып кете аламын ба?»-дейді, Сіздің жауабыңыз?

2-жағдаят

Сабаққа кіруге қоңырау соғылды. 8-ші сынып оқушылары кабинеттің алдында оқытушыны күтіп тұр. Кабинет жабық. Оқытушы келіп, кілтпен есікті ашайын десе, кілттің орны қағазбен бітелген. Оқытушы оқушыларға күмәнді көзқараспен қарап шығып: «Бұл кімнің ісі, осылайша сабаққа кедергі жасайын дедіңдер ме?»-деп өзінің наразы көңілін білдірді. Оқушылар сасып қалды, қарсыласайын деп еді, оқытушы тыңдамай одан әрі дауыс көтеріп кінәлай берді. Осы сәтте директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары келіп: «Жамал Бектасқызы, кешіріңіз сәл кешігіп қалдым. Мен сізге басқа кабинет ашып берейін, себебі бұл кабинет сырланған еді, бөгде адам кірмеуі үшін мен кілт орнын әдейі қағазбен бітеп едім» деді. Бұл жағдайда сіздің әрекетіңіз?

3-жағдаят

Оқу жылы басталды. 6-шы сыныпта оқитын Арман әкесімен қыркүйектің басында, егер мен жақсы оқитын болсам, маған велосипед алып бересіз бе, деп келісті. Әкесі ойланбастан уәдесін берді. Арман жақсы оқуға тырысты, бірақ ол жақсы жетістікке әр түрлі әдістермен жетті. Математикадан көршісі Мөлдірден, басқа сабақты тағы басқалардан ұқыптап көшіріп алып жүрді. Әкесі Арманның күнделігін бақылап жүрді, бағалары дұрыс. Арманның әкесі уәдесінде тұрып, жазғы демалыс кезінде баласына велосипед алып берді. Сіз осындай екі жақты келісім шартқа қалай қарайсыз?

4-жағдаят

Тоқсандық баға шығарғанда талас бағаны байқамай оқушыға төмен баға шығардыңыз. Әрі оны ұмытып кеттіңіз. Оқушының ата - анасы директорға шағымданып келеді, сізді шақырады.

1. Директорға не дейсіз?
2. Ата - анаға не дейсіз?
3. Өзіңізге өзіңіз не дейсіз?

5-жағдаят

Талғат нашар оқумен қатар, мектеп ережелеріне сай тәртіп сақтамаушы еді. Сол себептен де сынып жетекшісі үйіне жиі баратын. Оны ата - анасы мектепке сирек келуімен қоймай, баласын жақтап, мұғалімдердің өздері кінәлі деп санайтын. Талғаттың әке - шешесі тек баланы тамақтандырып, киіндірсек болды, ал оқыту мен тәрбиелеу мектептің ісі дейтін. Талғат сотқа тартылды. Ата - анасы бұған кінәлі мектеп деген ойда болатын.

1. Балаға адамгершілік тәрбие берудегі отбасының жауапкершілігі неде?
2. Ал мектеп бұл істен сырт қалуы керек пе?

6-жағдаят

Он жасар Қуан мектепте «қиын» бала аталған. Наурыз мейрамы күні сынып жетекшісі оған бір - екі жолдасын ертіп мектеп ауласына он шақты тал отырғызуды міндеттеді. Ол өз жолдастарымен қоғамдық тапсырманы тиянақты орындап шықты. Мектеп линейкасында оларға алғыс айтылды. Осы кезден бастап бала өміріне өзгерістер ене бастады.

1. Жеткіншекке жасалған педагогикалық ықпалдың нәтижелі болу себебі неде?
2. «Қиын» бала мен педагогтың арасындағы қарым - қатынас қалай болу керек?

7-жағдаят

Мұғалім оқушыларға жүргізген диагностика нәтижесінде өзінің момын, үндемейтін, мінезімен көзге түсетін Серік ең беделді оқушы қатарына шықты да, ал көңілді, жарқын мінезді, балалармен қарым - қатынаста үнемі белсенділік көрсеткен Нұрлан үш - ақ дауыс алды.

1. Алынған мәлімет бойынша Нұрлан белсінділер құрамына кезінде дұрыс тағайындалған ба?
2. Мұндай жағдайда мұғалім қандай шешім жасау керек?

8-жағдаят

3-сыныптан кезекті сын жұмысын алдыңыз. Көптеген оқушылар 5 пен 4 алып жатты. Назгүл сыныптағы жақсы оқитын оқушылардың бірі еді. Бірақ Назгүл бұл сын жұмысынан 3 алып қалды. Ол бағасы үшін сыныптастарынан қысылып дауыстап жылап отыр. Сіздің әрекетіңіз?



*Назарларыңызға
рахмет!*